



КЕРІ КЕТКЕН

Гиппократқа берген антың қайда?



Астанада ұзаққа созылған «Ақ халаттылар ісіне» нүкте қойылды. №2 перинаталдық орталықтың екі дәрігері – акушер Владимир Калашников пен анестезиолог Григорий Азаров 1 жылға темір торға қамалды. Жазасын өтеген соң 2 жыл дәрігерлік қызмет атқара алмайды. Сот екеуін толғағы қысып, ота үстелінде көз жұмған Ақмарал Тұрсынбаеваның өліміне кінәлі деп тапты. Бірақ дәрігер қауымы бұл үкімді әділетсіз деп танып, әріптесін қорғауға қол жинауда.

Дәрігер сотталды. Министр үнсіз

Қайғылы оқиға осыдан екі жыл бұрын болған. Толғағы келген әйел кесір тілігі арқылы босандырылады. Бірақ жас ананың халі күрт нашарлап, жансақтау бөліміне жеткізілген. Ақмаралдың денсаулығына салғырт қараған дәрігерлер дұрыс диагноз қоймаған. Нәтижесінде қансыраған келіншек ота үстелінде жан тапсырады. «Ақ халаттылар ісі» бойынша қылмысты тергеуге Ақмаралдың туыстарының арызы себеп болыпты. Сөйтіп екі жылға

созылған тергеу биыл 7 сәуірде аяқталды. №2 Алматы аудандық соты Қылмыстық кодекстің 114-бабының 4-тармағы бойынша (медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің кәсіби міндеттеріне салғырт қарауы) үкім шығарды. Алайда дәрігерлердің сендіруінше, жас әйел ми тамырларының тромбозынан көз жұмған. Төрт сараптама жасаған маркумның туыстары бұған сенбейді. (Жалғасы 3-бетте)



Тамара
ДҮЙСЕНОВА,
Денсаулық сақтау
және әлеуметтік
даму министрі



ТАҒЫ ДА ДОЛЛАР ТУРАЛЫ

4



КАПИТАННЫҢ КАПИТАЛЫ

5




САЯЖАЙДАН СӘН КЕТТІ

6

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

Тара үшін
полюсынан айырмды



(Жалғасы 5-бетте)

АПТАНЫҢ АНЫҒЫ

Жер сатылмайды!



Асылжан МАМЫТБЕКОВ, Ауыл шаруашылығы министрі:

«Жер мәселесі бойынша ешқандай шешім қабылданған жоқ. Қабылданбайды да. Өйткені, жер негізінен сол жерді пайдаланушыларға сатылады. Қазақстанның Жер туралы кодексінде, заңдарында ешқандай шетелдікке ауыл шаруашылығы саласындағы жер сатылмайды деп жазылған. Сондықтан жер өзіміздің азаматтарға және жергілікті компанияларға ғана тиесілі болады»



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)

44,32

DOLLAR

334

EURO

377

РУБЛЬ

5,1

ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕ

ЖАЗҒА БАҒЫТ АЛДЫҚ

Жазғы демалысты отбасыңызбен Антальяда өткізуді бүгіннен бастап жоспарлаңыз. Тікелей тұрақты рейстер Астана мен Алматыдан жайлы «Боинг-767» әуе кемелерімен мамырдан бастап орындалады.



air astana



@ on the web

www.jasqazaq.kz
arda.com.kz

Уағдаластық

Табыс кілті –



ТЕЪРАН

Қазақстан мен Иран президенттері кездесу қорытындысы бойынша бірлескен брифинг өткізді. Брифинг барысында келіссөздерде сауда қатынасын дамыту үшін бизнесмендерге виза беру үдерісін жеңілдету мәселесі талқыланды. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы, ғылым, технология және мәдениет салаларындағы ынтымақтастықтың аясын кеңейту жайы айтылды. Тараптар көлік-логистика, сондай-ақ экологияны қорғау, Каспийде кеме қатынасы мен туризмді дамыту саласындағы және Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі жөніндегі құжаттарға қол қою барысындағы өзара іс-қимылды нығайтудың маңыздылығын

атап өтті. Мемлекет басшылары экстремизммен және терроризммен күресу, Ирак, Ауғанстан, Сирия аумағындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету, сондай-ақ Йемендегі қақтығысты саяси шешімдер негізінде тоқтату қажеттігін айтты. Нұрсұлтан Назарбаев Хасан Руханиді және бүкіл Иран халқын ядролық мәселені шешудегі қол жеткен табысымен, елдің алдынан зор мүмкіндік ашатын санкцияның алынуымен құттықтады. Мемлекет басшысының осы сапар аясында металлургия, тау-кен, ауыл шаруашылығы, көлік-логистика, туризм, ғылым және білім, медицина салаларында жалпы құны 2 миллиард доллар болатын 66 екіжақты құжатқа қол қойылды.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТА

Мемлекет басшысы осы аптада екі елге барды. Бірі – экономикалық санкциядан құтылып, мұнай экспорттай бастаған Иран. Екіншісі – бауырлас Түркия. Екі елдің де президенттерімен кездесіп, сауда-экономика, инвестиция, ауыл шаруашылығы және мәдени-гуманитарлық саласындағы ынтымақтастықты нығайту мәселесін талқылады.



ЫСТАМБҰЛ

Нұрсұлтан Назарбаев Түркияға Ислам ынтымақтастығы ұйымының басқосуына қатысу үшін арнайы барды. Бастапқыда айтып өткендей, бауырлас мемлекеттің президенті Режеп Ердуан Елбасымен кездесті. Екі ел Президенті экономикалық байланысты жандандыру жөнінде келіссөз жүргізді. Бүгінгі өзіне екі ел арасындағы тауар айналымы 2 миллиард доллардан асып түседі. Уағдаластыққа сәйкес, бұл көрсеткішті 10 миллиард долларға жеткізу көзделіп отыр. Мемлекет басшылары халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер мен терроризмге және экстремизмге қарсы күрес аясында қабылданып жатқан

шара жөнінде де пікір алмасты. Елбасы Анталияда «ЭКСПО-2016» және Астанада «ЭКСПО-2017» көрмесін өткізу тұрғысынан Қазақстан мен Түркияның тәжірибе алмасуы маңызды екеніне назар аударды. Режеп Ердуан бірқатар бағыттар бойынша алға қойылған мақсатқа жету үшін екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайту қажеттігін айтты. Келіссөздердің қорытындысы бойынша, Н.Назарбаев пен Р.Ердуан ислам әлемінде бейбітшілікті баянды етуді көздейтін бірлескен декларация қабылдады.

Сонымен қатар екі ел кәсіпкерлері 500 млн долларды құрайтын 20 келісімді мақұлдады.

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Владислав КОСАРЕВ, Мәжіліс депутаты:

«Олигарх әр гектарға 70 теңге төлейді»

Мәжіліс депутаты Владислав Косарев Парламент мінберінен «Жер сату туралы әңгімені доғарайық!» – деп мәлімдеді. Осы кезде әлеуметтік желіні пайдаланушылар «Ұлт мәселесін көтереді» деп сеніп артқан депутаттар қайда қарап отыр?» – деген сауалға жауап іздеді. Алайда ешкім үн қатпады. Депутаттық сауалымен жұрттың көзайымына айналған коммунистердің Мәжілістегі жетекшісін кабинетіне іздеп барып, көкейдегі сауалды қойды.

Жас қазак: Владислав Викторович, Сіз жер сату мәселесіне неге оралдыңыз? Заң қабылданып кеткен жоқ па?

Владислав Косарев: Үкімет жер сатудан тек пайда табуды ойлап отыр. Мал шаруашылығын құрдымға жіберді. Соның кесірінен көдімгі сүттен жасалатын өнімнің 30 пайызын сырттан аламыз. Меніңше, үкімет қазір жерді билей өсіріп, экспортқа сататын қайнар көз ретінде ғана қарастыруда. Жерді өңдеу деген келмекке кетті.

Бұрын елімізде 550 мың трактор болса, қазір соның 180 мыңы қалды. Оның ішінде 130 мыңы – ескі-құсқысы. Сол себептен миллиондаған гектар жер тозып барады. Оның бәрін енді өңдей алмаймыз. 9 млн гектар жер пайдаланылмай, қанырап қалды. Бұған басын қатырған үкімет жоқ. Меніңше, жерге бидай егетін компания оны дер кезінде күтуге, сақтауға міндетті. Бірақ бізде бәрі керісінше.

Жас қазак: Сонда Сіз астық өндіретін компаниялар қараусыз қалдырған жерді сатуға қарсы шығып отырсыз ба?

Владислав Косарев: Жерді халыққа бердік. Ауылдағы әр адамның жерден алған үлесі бар. Бірақ ол жерді өңдей алмаған соң өз үлесімен ЖШС, АҚ, АӨК-ке кіреді. Оған өз жерін жалға бергені үшін көк тиын да төлемейді. Мәселе осында. Ақиқатын айтсам, сол жерден алынған астық көлемінің 7-8 пайызын жер иесіне беруі керек. Мынадай қорлықты қараныз: олигарх тонналап астық алатын жердің қазір әр гектарына 70 теңге төлейді. 1 тонна өнім алып, жер иесіне бір бөлше нанның бағасын береді. Адамды бұлай қорлауға бола ма? Оған қоса, фермер ауылдағы құнарлы жерді әбден құртты. Құртқаны



сол, оған тынайтықш сепкен жоқ, өңдеп-жыртпады. Агрохимиялық зерттеу жасалмайтын болды. Ендеше, жерді сатуды доғара тұрып, оны тоздырған фермердің жауапкершілігін қатайтуға тиіспіз.

Жас қазак: Айтпақшы, астық экспортынан түсетін қыруар қаражаттың оффшорлық аймақта «шөгіп» қалатынын бұған дейін де бірнеше рет айтқансыз. Сол «айқайыңыздан» қандай да бір нәтиже шықты ма?

Владислав Косарев: Шынымды айтсам, айқайлай-айқайлай шаршадым. Бірақ оффшорда жылына миллиардтаған қаржы қалып қояды. Бұл астық экспортының елеулі бөлігі. Астық компаниялары сатқан өнімнің бар-жоғы 20

пайызына техника сатып алады. Қысқасы, бізді жабайы капитализм ондырып жатқан жоқ. Олигархтың ойы – қалай да мол табысқа кенеліп, баю ғана. Қазір ауылдағы дикан неге титықтап өмір сүреді? Себебі капиталист оның мойнына мініп алған. Мінгені емей немене, мысалы, шөпті шабады да, оның бағасын 4 есеге дейін өсіріп, сатады. Жем-шөпті халыққа қымбатқа сатады. Салыстырсақ, біздің жем-шөбіміз Сомалиге сататын бидайдың бағасымен бірдей. Тағы бір мысал. Шетелге 8 млн тонна астық экспорттаймыз. Қазір біздің нанымызды жыл бойы шетелдегі 65 млн адам жейді. Сөйтсек те 17 млн халқымызды арзан, сапалы нанмен қамтамасыз ете алмаймыз. Бұл ұят жағдай.

Сұхбаттасқан
Төлен ТІЛЕУБАЙ, Астана

Экономикалық одақ

Владимир ПУТИН:

Ортақ валюта – қиын сұрақ

Ресей президенті В.Путин Еуразия экономикалық одағы (ЕАЭО) шеңберінде ортақ валюта енгізу әлі ерте екенін мәлімдеді.

Ол «ЕАЭО-ның ортақ валютасы енгізіле ме? – деген сауалға «Өте қиын сұрақ» деп жауап қайтарды. Оның пікірінше, ортақ валютаны енгізу үшін одаққа мүше елдердегі экономиканың әлеуеті бірдей болуы тиіс. Әйтпесе, мүшелерінің бірі күшті, ал екіншісі әлсіз Еуроодақтың қателігін қайталануы мүмкін.

В. Путин ЕАЭО-да әрбір мүше мемлекеттің келісімі болған жағдайда ғана ортақ валюта енгізілуі мүмкін екенін атап өтті.

Айта кеткен жөн, Қырғызстан осы аптада одақ шеңберінде ортақ валютаны тезірек енгізуді ұсынып еді.

Аптаның сауалы

7,5
МЫҢ ЛИТР
АРАҚ-
ШАРАПҚА ТЕНДЕР
ЖАРИЯЛАНДЫ. БҰЛ
ДЕПУТАТТАР
ҮШІН БЕ?

Мұхтар ТІНЕКЕЕВ,
Мәжіліс депутаты:

«Мен ішпеймін. Сол себептен бұл маған қызық емес. Тендер жариялағандарға хабарласып, біліңіздер»



Серік СЕЙДУМАНОВ, Мәжіліс депутаты:

«Шынын айтқанда, бұл бізге жаңалық емес. Біз ондайды сатып алуға болатынын да білмейді екенмін. Себебі депутаттар тарапынан сұраныс жоқ. Бұл мемлекеттік сатып алу депутаттық қорпұсқа арналмаған. Менің депутаттық жұмыс тәжірибеде алкоголь өнімі берілмеген. Ресми қабылдаулар болады. Ол бөлек әңгіме. Парламентке келетін шетелдік делегацияға ұсынылуы мүмкін. Бірақ ондай кездесулердің өзі сирек өтеді»



Азат ПЕРУАШЕВ,
Мәжіліс депутаты:

«Одан менің хабарым жоқ. Мен өз әріптестеріммен тегін алкоголь ішкен емеспін»



Дереккөзі: NewTimes.kz

Сөз-жебе

Асхат ДАУЫЛБАЕВ,
Бас прокурор:

«Құзыретті орган өткен жылы тек жалпы сомасы 2,6 миллиард теңгені қолма-қол ақшаға айналдырмақ болған 106 күдікті операцияны тоқтатқан. Ал осы кезеңде қылмыстық істердің материалдары бойынша ғана есепшоттан 136 миллиард теңге алынған. Соңғы бес жылдың ішінде кәсіпкерлер 15 триллион теңгені қолма-қол ақшаға айналдырған. Бұл ретте екінші дәрежелі 28 банктің 8-і ғана капиталды көлеңкелі айналымға жіберуге қатысты күдікті келісімдер жөнінде құзыретті органдарға хабар берген»



Кері кеткен

(Басы 1-бетте)

2016 ЖЫЛ. ОҚИҒА ХРОНИКАСЫ

8 қаңтар
АЛМАТЫ

«Сұңқар» медицина орталығында мейірбикенің кінәсінен ер адам өлді. Біліксіз мейірбике 1988 жылы туған М.Садықовқа «Цефазолин» антибиотигінің екпесін алдын ала тексермей салған. Науқас анафилактикалық шокқа ұшырайды. 10 минутта келген реанимобиль бригадасы науқастың жүрегіне екі рет жан бітіргенімен, артынша науқас көз жұмады.

4 наурыз ОРАЛ

Батыс Қазақстан облысында 4 жасар Даниел Капеллинидің өліміне қатысты сараптама қорытындысы жарияланды. Оған сәйкес баланың дәрігер кінәсінен өлгені анықталған. Бала өлімінің себебін зерттеген мамандар екі нәрсеге жағасын ұстаған. Бірі – Даниелге көмей безін алып тастауға ешқандай ота керек болмаған. Екіншісі – ота жасаған дәрігердің оған еш құқы болмаған. Баланың қанында тромбоцит деңгейі төмен болғанына қарамастан, Даниелдің анасы Айгүлді отаға көндірген лор-дәрігер Расул Камкиевке қатысты қылмыстық іс қозғалды. Бірақ ол сотталған жоқ, бар болғаны ота жасау қызметінен шеттетілді.

4 сәуір СЕМЕЙ

Семейлік дәрігерлер дұрыс диагноз қоя алмай, Владимир Деминді мүгедек етті. 40 жастағы В.Демин екі жыл бұрын ауырып, дәрігер шақырады. Ауруханада оған мида кесел бар деген диагноз қояды. Сөйтіп, өңірлік онкодиспансерге есепке тұрғызады. Тіпті ақ халаттылар оған 2-3 апта ғана өмірің қалды деп қорқытыпты. Ал 7 айдан соң тексерілген Владимир миында ешқандай кесел жоғын анықтайды. Ол шын мәнінде қабақ астына құйылған қаннан зардап шеккен. Нәтижесінде нейрохирург пен онкологтың қателесуінен Владимир бірінші топтағы мүгедекке айналды. Ол қазір өздігінен жүре алмайды және жұмысқа жарамсыз. Сотқа арызданғанымен, талап еткен 8 млн теңгенің орнына бар-жоғы 330 мың теңге өтемақы өндіріп алыпты.

Гиппократқа берген антың қайда?

«Ақ халаттылар ісіне» қатысты шығарылған үкім қоғамда қызу талқыланып жатыр. Біз осыған орай, құзырлы мекемеге бас сұғып, Астана қалалық сотының судьясы **Сайран Әлімбаева**мен аз-кем әңгімелестік. — Бұл қылмыстық істі өзін қарамағандықтан және үкім заңды күшіне енгендіктен, ештеңе деп баға бере алмаймын, — деді ол.

— Сайран Мәмиқызы, сотта дәрігердің жіберген қателігі туралы қылмыстық іс көп қарала ма?

— Көп қаралмайды. Мысалы, 2014 жылы

19 мамырда №2 Сарыарқа аудандық соты елордалық екі дәрігердің ісін қарады. Онда адам өлімі орын алған. Бірақ тараптардың татуласуы нәтижесінде дәрігерлер қылмыстық жауапкершіліктен босатылды. Мына үкімде босанатын әйелдің өліміне себепкер болған дәрігер қателігі. Мұндай іс республика бойынша да өте сирек кездеседі. Оның өз ерекшелігі бар. Көбінесе үкім шығарғанда сот сараптамасының қорытындысына жүгінеді. Яғни кімнің кінәлі екенін тергеу кезінде сараптамашы анықтауы керек. Кісі өліміне дәрігердің іс-қимылы себеп болды ма, әлде басқа жағдай ма...

— **Кателік жіберген дәрігердің жазасы тым жеңіл емес пе? Қайткенмен де адам өлді ғой?**

— Дәрігердің кінәсін анықтау сотқа да қиын. Себебі дәрігер де адам өмірін сақтау үшін күреседі. Бұл адам өлтірейін деген пиғылмен жасалмайтын қылмыс. Абайсызда қателікпен

жасалатын қылмыс. Кісі өлтіру мен абайсызда жасалатын қылмыстың арасы жер мен көктей. Бірақ қоғамда мұндай жағдай кездеседі. Дәрігердің қателігін назардан тыс қалдырмас үшін жауапкершілікке тарту керек. Осындай қылмысты болдырмау және оның алдын алу үшін.

— **Айтыңызшы, Сіздің судьялық тәжірибенізде осындай оқиға кездесті ме? Сіз қандай үкім шығардыңыз?**

— 18 жылдық судьялық тәжірибемде кездесті. Қылмыстық істі қарап, 2 жыл бас бостандығынан айыру туралы шешім шығардым. Бірақ істі қарау өте ауыр болды. Себебі жәбірленуші әйелдің баласы өлі туған. Өзі бірнеше жыл бала көтере алмай, бармаған дәрігері, алмаған емі жоқ. Сөйтіп бала көтеріп, тегін дәрігерге сенбей, қызметі ақылы білікті дәрігердің көмегімен босанғысы келеді. Жеке кәсіпкердің «Фемина» деген перзентханасына барады. Босануына алдын ала қаншама ақша төлейді. Өзінше жақсы күтіммен, жақсы жағдайда босанамын деп ойлаған. Сот барысында анықталғаны, «білікті» дәрігер әйелді босанатын мерзімінен бірнеше күн бұрын шақырып алады. «Мен демалысқа кетуім керек еді, сондықтан сізді ерте босандырайын» деп толғақ шақыратын укол береді. Сөйтіп, табиғаттың заңына қарсы шыққан. Ал әлгі әйелдің баласы іште тұншығып, өлі туған. Мен жәбірленушіге өте жанашырлықпен қарадым. Одан кейін бала көтере ала ма, алмай ма, белгісіз ғой. Сол себептен мұндай қателікті кешіруге болмайды.

Алматы іргесіндегі тас жолдарда

полицейлер әлі жасырынып тұрады. Олар бағзы әдеттеріңше бұқпантайлап, көліктерді тоқтатуда. Бірақ өткен айдың соңында Ішкі істер министрлігі арнайы бұйрық шығарып, жол сақшыларына темір тұлпарды тығылып тұрып, тоқтатуға тыйым салған. Тіпті осы тәртіпке бағынбағандар дереу жұмыстан қуылатынын айтқан еді. Әлгі талаптың қаншалықты орындалып жатқанын білу мақсатында, біз қала іргесіндегі тас жолдарға шығып, шағын журналистік зерттеу жасадық. Тәртіпті қорытындылардың өзі тәртіп бұза ма, жоқ па?! Қызық...

Репортаж

Құлжа тас жолы. Судай сапырылысқан көліктер осы тораппен күнде қатынайды. Алматының шығыс бөлігінде орналасқан калааралық бұл жол, шалғайдағы ағайындардың алып шаһарға ауа келетін басты бағыты. Көлік көп жүргендіктен, жолдағы тәртіпті қадағалайтын полицейлер де бар мұнда. Бұрындары жолды жағалай өскен желектерде жасырынып тұратын олар. Жылдамдықты асырған немесе ақауы бар көлікке лезде шап беретін. Сөйтіп, қалтасында қаржысы барлар онай құтылып, ақшасы жоқтар хаттамаға жұтылып жүретін. Ал қазір... Ал қазір де өзгерген

дөнеге жоқ. Барлығы бәз қалпында.

ТӘРТІП БҰЗҒАН ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫ

Алматы қаласында заңсыздыққа барып жатқан полицейді көз шалмады. Қаланың көлік көп жүретін жерлерін аралап көрлік, бірақ талапты белшесінен басқан тәртіп сақшысы жолықпады. Кейін, қала іргесіндегі ірі жолдарға шықты. Көп ұзамай, Панфилов елді мекені маңындағы жолдың бойында жүргізушілерді жаппай тоқтатып жатқан полицейлер кезікті. Журналистерге зекіріп сөйлеген полиция капитанына өзімізді

таныстырып, не себепті оларды түсіріп жүргенімізді айттық. Ал погон таққан азамат: «Алматы облысында қызметтік көліктерін тығып, жүргізушілерді тоқтатып жатқан полицейлер жоқ!» деп, дүрсе қойды. Тіпті құқай көрсетіп, «басшыларына қазір-ақ шығамыз, жұмыстан кеткің келмесе, бұл жерден табаныңды жалтырат!» деген сөзді естідік.



Бұта түбіндегі полицей

автобекет манайында біз тілдескен адамдардың дені — жаңа талаптан қайран күтпейді!

«СУҒА КЕТКЕН ТАЛ ҚАРМАЙДЫ»

Жолда жолыққан полицейлермен керісіп қалған біз, зерттеуімізді әрмен қарай жалғастыру үшін Құлжа

талдың түбіне тығып қойған жабдықтарын. «КРИС-Пиді» айнала түсіріп жүргенімізде, жанымызға құрылғы иелері жылдам жетті. Қызығы — күдіктілерді қуғанда мұндай жылдамдық танытпайды олар, сірә?! Не керек, дүрсе қоюдан бастады әңгімесін. Етіміз үйренген соң, еш елеместен тұрдық. Ал анау жабдықты бұлар жайдан-жай қойдық деп жайбаракат жүр. «Муляж» ретінде қойылған құрылғыны олар не себепті ағаштың артына жасырып қойғанын түсінбедім. Сұрағанымызда тұшымды жауап қайырмады. Айтуларыңша, сол күні таңда дәл осы жолда бір адам шейіт болған екен. Жоғарғы жылдамдыққа жүйткіп келген көлік жүргізушіні ұрышқыша иіріп жіберіпті. Сол себепті полицейлердің тексерісі күшейген. Бірақ есірген көлік жүргізушілерін сабасына түсіру үшін жылдамдықты өлшейтін жабдықты полицейлердің не үшін жасырып қойғаны белгісіз. Сасқан үйрек артымен жүзбейтін бе еді?! Бұлардың ісі дәл сол тәмсілге саяды.

Дастан САПАШЕВ

ЖАҢА ТАЛАПТАН ҚАЙРАН ЖОҚ

Аманғали Сәрсенбинов ұзақ жылдан бері таксист болып қызмет етеді. Алматыдан Талғарға адам тасиды. Бұл кәсібін нәсіп етіп жүргеніне 10 жылға жуықтапты. Табысы отбасын асыруға толық

Ермек СҮЛЕЙМЕНОВ,
ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің бөлім басшысы:

«Мұндай деректер жиі тексеріледі. Біз ашық және жасырын түрде полицейлердің іс-әрекетін қатаң бақылаймыз. Егер заңсыздық анықталған жағдайда, әлгі полицей жұмыстан қуылып, шенінен айырылады. Тіпті олардың басшыларын да қызметінен аластаймыз»





Биржаметр

«Доллар» ұғымы экономикалық терминнен гөрі ХХІ ғасырда құндылыққа айналып кетті.

Тіпті бесіктен белі шықпаған баланың өзі доллардың не екендігін біледі. Аздап артық ақшасы бар немесе жағдайы жақсының барлығы дерлік ақшаны «көк қағазбен» жинайтын болды. Жалақыны теңгемен алса да, көлік, үй құнының ұлттық валютадағы өлшемі қанша екендігіне ешкім бас қатырып көрмеген. «5 мың доллардың көлігі», «40 мың доллардың үйі» деген ұғынықты. Доллардың бағасы көтерілгелі бері «теңгемен ойлайық», «теңгені нығайтайық» деген сөздер жоғары мінберлерден естіліп, экономиканы «дедолларизациялау» сөзі көп айтыла бастады. Доллардың ықпалын азайту бағытында да Ұлттық Банк бірқатар шараларды қолға алған болатын. Сонымен «доллардан арылу» қалай жүруде, теңгенің «тағдыры» қалай болмақ деген сауалға жауап іздеп көрелік.



Мақсат ХАЛЫҚ, ЭКОНОМИСТ:

– Бүгінде доллардың экономикамыздағы ықпалының күшті екенін ешкім жоққа шығармайды. Себебі халық тұтынатын тауардың 87 пайызын шетелден импортталатынын және сол тауарды халық алдағы уақытта да тұтынатынын ескерсек, долларсыз біз тұрмысымызға қажетті затқа қол жеткізе алмай қаламыз. Бұл жағдайдың елімізде импортты алмастыратын тауар шығарғанша және мемлекетіміз халықты толық өзінің отандық тауарымен қамтамасыз еткенге дейін жалғаса беретіні түсінікті. Алайда өткен жылдың соңында банктердегі долларлық депозиттің үлесі 75,5 пайыз болған, тіпті кейбір банктерде ол 88 пайызға дейін жеткен. Соңғы ҚР Ұлттық Банкі келтірген мәліметке сүйенсек, керісінше, теңгелік депозиттің үлесі 5,6 пайызға көтерілгенін, ал долларлық депозиттің 5,3 пайызға түскенін көреміз. Бұл – аз да болса теңгеге деген сенімнің орала бастағандығының белгісі.

– Экономикадағы доллардың ықпалы күшті екенін біле тұра, онымен «күресуіміз» қаншалықты орынды? Әлде Үкіметке сыртқы қарызды қайтару үшін доллар қажет пе?

– Жалпы, экономикадағы доллардың көлемінің төмендеуімен доллардың ықпалы азайып кетеді дей алмаймыз және бұл бағыттағы мемлекеттік шараларды тоқтатып қоюға да болмайды. Жоғарыда келтірілген деректер, біріншіден, Кедендік одақ аясында Ресеймен сауда байланысымыздың

күшейгендігін көрсетеді. Ал елге тартылатын инвестиция көлемінің азаюы жалпы әлемдегі қаржылық дағдарыспен сипатталады. Осы тұста мемлекетіміздің сыртқы қарызы 2015 жылдың 31 желтоқсанында 153,5 млрд долларды құраған. Сыртқы қарыздың құрамында 7,9 пайызы, яғни 12,2 млрд доллары мемлекеттік секторға тиесілі. 5 пайызы, яғни 8 млрд доллар банктердің үлесінде. Қалғаны фирмааралық қарыздар болып табылады. Бір ғана «ҚазМұнайГаз» компаниясының сыртқы қарызы 18 млрд доллар болатын, 30 наурыз күнгі мәлімет бойынша 10,7 млрд долларға қысқарыпты. Әрине, осы қарыздарды қайтару үшін тек үкіметке ғана емес, барлық сыртқы қарызы бар компанияларға да доллар қажет. Соңғы күндері долларды сатып алу 7 пайызға түсіп кеткендігін қаржыгерлер айтып жүр. Оның себебі мұнай бағасының көтеріле бастауынан адамдардың қайта долларды сатуға ұмтылуы болып отыр. ҚР Ұлттық Банкі дерегі бойынша қолма-қол шетел валютасы нарығында 10 жыл ішінде халықтың АҚШ долларын сату көлемі сатып алу көлемінен асып түсті. 2016 жылдың ақпан айында ел азаматтары 772,7 млн доллар сатып, 495,3 млн «жасыл ақша» сатып алған. Бір жағы Ұлттық Банк интервенция жүргізу арқылы, әсіресе наурыз айында 1 235,95 млн АҚШ долларын сатып алып, долларға өктемдік беріп еді.



Денис КРИВОШЕЕВ, сарапшы:

– 2014-2015 жылдары елімізден шығарылған қаржы көлемі қомақты. Ұлттық Банкінің бағалауынша, 2014 жылы теңге бағамының рубльге қатысты көтерілуіне байланысты ел азаматтарының тауар мен қызметтерді Ресейден тұтынуға жұмсалған-шығарылған қаражат көлемі 11 миллиард АҚШ долларды құрайды. Ал World Bank жариялаған есеп бойынша, қысқа мерзімдік капитал және басқа да валюталық шығарылымдар көлемі 2015 жылдың алғашқы тоғыз айының өзінде 7,8 млрд АҚШ долларынан 9 миллиардқа өскен. Бұл ресми есепке алынған қаржы көлемі. Ал криминалды ақшалар, азаматтардың жеке қолындағы қаражатты есептегенде, есепке алынбаған ақшаның жалпы көлемі 20 млрд долларды құрайды. Мысалға, соңғы екі жылда есепке бір жарым миллион автокөлік тіркеуге қойылған. Демек, доллармен күреспей-ақ, дедолларизация жүріп жатыр. Азаматтар мүмкіндігінше «көк қағаздарын» жұмсауда.



Қырғызстан мемлекеттік салық қызметі Қазақстаннан жеткізілетін тауардың нақты бағасы төмендетіліп көрсетілген 1100 деректі анықтады. Келген шығын көлемі 7,5 миллион теңгеден асады.

Мұның ішінде кант, ұн, күріш, балық, май сияқты тұтынушыға күн сайын қажет тауарлар да бар. Мәселен, екі ел шекарасынан өтер кезде кант бағасының келісі 12 теңге деп көрсетіліпті. Ал мұның нарықтағы нақты бағасы – 245 теңге.

Аптаның ұсынысы

Аманжан ЖАМАЛОВ,
Мәжіліс депутаты:

«Мемлекеттік кіріс комитетінің дерегі бойынша, отандастарымыз интернет арқылы кітап, видеофильм, ойыншық, киім-кешек алу үшін күніне миллиардтаған ақша жұмсайды. Осындай дүкендердің көбі шетелде тіркелгендіктен, Қазақстанға салық төлемейді. Осы орайда саудамен айналысатын шетелдік интернет компанияларға салық салатын заң қабылдауды ұсынамын»



Данияр АҚЫШЕВ,
Ұлттық Банк төрағасы:

«Біз іргелі трендтерге кедергі жасамаймыз. Ұлттық Банк мақсаты – шектен тыс ауытқуларды болдырмау. 2015 жылдың қарашасында біз нарықтағы валютаны сатып алдық, 2015 жылдың желтоқсанында саттық. Банктің әрекеті сыртқы факторларға байланысты болды. Қосымша қазақстандық валюта нарығының ерекшелігі – ол айтарлықтай тар, ойыншылары да көп емес. Кейде нарықта спекулятивті ауытқулар болып жатады және олардың жиілігі айтарлықтай өседі. Барлық қатысушылар ұлттық валютаға қарсы ойнайды... Сол кезде Ұлттық Банк араласады. Біз ең бастысы, интервенция көлемін айтарлықтай азайттық: 2015 жылдың қараша-желтоқсан айларында интервенция нарықтағы барлық сауда көлемінің 3 пайызын құраса, қаңтарда 2,5 пайызға түсті. Барынша минимизация – ең жақсы үлгіде нөлге дейін жеткізуді мақсат тұтамыз. Әрине, қазір нөлге жетпедік, алайда қазіргі көрсеткіштің өзі үлкен жетістік. Қазір айырбас курсы күнделікті ауысып отырады»



МҰНАЙ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ТЕНГЕНІҢ «ҚҰНЫ»

Теңгенің долларға шаққандағы бағамының әсер етіп отырған іргелі факторлардың бірі – мұнай бағасы десек, 2016 жылдың қаңтар айында Brent маркасы бойынша мұнайдың бір баррелі 27 долларға дейін түсіп кетіп еді. Алайда ақпан айының ортасынан бастап мұнай құны көтеріле бастады. Сәуір айында 40 доллардан асты. Бұл жағдайда теңге де нығая бастады: KASE-нің 13 сәуір күнгі мәліметі бойынша 1 АҚШ доллары 333 теңгені құрады. «Қара алтынның» қымбаттауына Сауд Арабиясы, Ресей,

қоймайтынын мәлімдеді. Халықаралық сарапшыларға жүгінесек, тараптардың толық мәмілеге келуі қиындау. Дегенмен, мұнай бағасы тұрақталады деген болжам бар. Дегенмен, саяси факторларды да жокқа шығаруға болмайды. Осы тұрғыдан алғанда, теңгенің «тағдырына» мұнай бағасының ықпал етері анық.

ТЕҢГЕ МЕН РУБЛЬ

Ресей рублінің бағамына мойын созу әдетіміз болғанымен, ҚР Ұлттық Банкінің төрағасы Д.Ақышев теңгенің долларға қатысты бағамында рубльдің шешуші фактор емес екендігін

«Казхакстанская правда» газетіне берген сұхбатында мәлімдеді:

«Ресей біздің жалғыз сауда әріптесіміз емес, сондықтан рубль мен теңге арасындағы өзара байланыс абсолютті бірлелі болуы мүмкін емес. Ресей – басты сауда әріптесіміз, ол тауар айналымы құрылымымызда басты орынды иеленеді. Алайда импорттағы оның үлесі бар болғаны 34%.

Егер көрсеткіш жүз пайыз болғанда, рубльге байлану әділетті болатын да еді. Валюта бағамдарының айырмашылығына екі елдің инфляция деңгейін ескеріп, нақты айырбас бағасы тұрғысынан карау қажет. Валюталардың қазіргі арақатынасы қазақстандық өндірушілердің нарықта бәсекеге қабілетті болып, ішкі өндірісті қорғауына мүмкіндік бере алады. Екі валютаның дұрыс тепе-теңдігін ұстау – бүгінгі күннің шынайы көрінісі. Өйткені, біз капиталы, жұмыс күші, тауары мен қызметтерінің қозғалысы үшін келендік шекара мен кедергілерден ада – Біртұтас экономикалық одақта өмір сүріп жатырмыз. Сондықтан онымен санасуға мәжбүрміз. Осындай жағдайларда, оның ішінде айырбас бағамы бойынша көрсеткіштер есебінен нарықта бәсекелесуге болады».

Айсұлу МОЛДАБЕКОВА

4,5 мың жаңа көлік қоймада шаң басып тұр

Аптаның шағымы



Азат ПЕРУАШЕВ,
Мәжіліс депутаты:

«2016 жылдың 1 қаңтарында автокөліктерді алғашқы тіркеуге салық енгізілгеннен кейін, 4,5 мың көлік қоймада құры тұр. 2015 жылы шығарылған көліктің құны 27 миллиард теңгені құрайды. Бұл қаржы кәсіпорынның айналымынан шығып қалды. Осының әсерінен бюджетке келіп түсетін қаржы да тоқтап тұр»

Алматы

**Болған оқиғаның
ізімен**



МАЗАСЫЗ МҮЙІС



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Сол күні Ришат қуанып оянды. Көзін ашпаған күйі тәтті қиялға шомып, керіліп-созылып ұзақ жатты. Көрген түсі кинолентадай тізбектеліп, көз алдынан өтіп жатыр. «Орда бұзар отыз жасына» дейін қилы да қилы түс көрген. Сол есіне түсті. Бірақ сол түстерінің бір де бірінде дәл бүгінгідей қуанып оянбапты. Бүгінгісі керемет енді: Бума-бума американдық доллар. Иығында — генерал погоны. Шырт-шырт түкіріп, үш қабатты ағылшындық үлгідегі коттеджінің ауласына шығыпты. Осыдан жүз жыл бұрын шыққан антиквариат көлігі — бозғылт түсті «Бентлидің» есігін айқара ашқан окқағарына «Бәрі дұрыс па?» дегендей сұраулы жүзбен еріне көз тастап, былғары салонға күмп ете қалған. Сол-ақ екен, «Бентли» дыбысы білінбей, қалқи жөнеліпті.

— Ай-хай, баршылық-ай, ә?! Басың істеп тұрса, байлық шіркінің өзі-ақ келе береді екен ғой. Тек жымын білдірмей жасау керек те, дымын білдірмей асау керек екен. Құлай-ау, істеймін дегенге бәрі бар ғой біздің елімізде, бәрі бар! Алла сәтін салса болды.

Адамдарды алдап-арбаудан қорықпағанмен, анда-санда Алласын да есіне алып қоятын Ришат «түнгі түс қиялын» серліп тастап, ұялы телефонның қолына алды. Сөйтті де, шақалап жатқан күйі «алаықтық істегі әріптесіне» көңілдене сөйледі: — Ал енді, інішек, кешегі ақылдасқан тірлікті тындыра беруіне әбден болады. Ешкімнен де, ештеңеден де қорықпа. Бір ауыз әңгіме айтқандарды дереу менімен байланыстыр. Түсіңікті ме?

Телефонның арғы басындағы сан жылдан бергі сенімді «әріптесінің» көңілді дауысы құлағын жарып жібере жаздады: — Құп болады, капитан аға. Еш алаңдамаңыз. Бәрі де «о кэй-хоккей» болады.

ӘЙЕЛІМЕН ӘҢГІМЕ

Танертенгілік шәй үстінде Ришат мың жылдық махабаты — Майрасымен көңілдене шүйіркелесті. Арғы-бергі алаяқтық тірліктерінің бірсыпырасын қайыра есіне алып, әйелін ақыл-нақылмен пысықтап қоюды да ұмытпады: — Осы, Майруша, сенің атына жазылған су жана пәтердің саны қанша еді, а? Мен, шынымды айтсам, санынан жанылып қалдым. Бес-алтау бар ма өзі, әлде одан көптеу ме еді? — Өй-бу-у-у-уу, — деп қыздай қосылған Майрасы Ришатқа қарап сызылықтай күлді, — саған не көрінген өзі, ұмытшақ бола бастағаның ба? Бес-алтауы несі, адамды ұялтып, түге! — Е, не болды? Одан көп пе еді? — Әңгіме осы тұсқа келгенде, Майра күрт өзгере қалды. Таңғы жылы ваннадан шыға сала үстелге отырған беті еді. Басындағы аппақ араб орамалын оң қолымен ары-бері түзеткен болды да, сол қолының саусақтарын бүгіп, санай бастады:

— «ЦУМ-нын» маңайында екеу, «Самал» жақта үшеу бар. Сосын Әл Фарабидің» жоғарғы жағында төрт бөлмелі тағы біреуі бар. «Ана жерде біреуі бар, мына жерде екеуі бар...» деп өзінен-өзі күбірлеп, пәтер санын түгендей бастаған Майра бірнеше минуттан соң Ришатқа антарыла қарап еді. Түрі бузылып кеткен әйеліне көзі түскен Ришат сасқалақтап қалды. Шошып та кетті бір жағынан: — Не боп қалды, Майраш? Тыныштық па? — Еш-тең-е-е-е-е, — деген Майраның дауысы құмығып



Қолма-қол ақша

әрең шықты, — ештеңе де болған жоқ. Он екі-ақ пәтер екен бар-жоғы. — Ухх, — деп Ришат арқасынан ауыр жүк түскендей, орнынан дереу тұрып кетті, — сен енді былай... босқа қарап жатпай, пәтердің біразын туыс-пуыс, жежжат-жұрағат дегендердің атына ауыстыра берсейші ақырындап. Кім біледі, «Жаман айтпай, жақсы жоқ...» деуші еді ғой?! — Қойшы соларды, — деп Майра аяқ астынан бүртия қалды, — қазіргі туыс, ағайын-туған дегенді жақсы білесің ғой. Бір берген дүниені өмірі қайтарып ала алмайсың. Тұра берсін менің атымда. Не болтты соншама?! — Таңғы шәй үстіндегі әңгіме осымен тәмам болды.

«ТҮС — ТҮЛКІНІҢ ТЕЗЕГІ»

Бүгінгі күннің «кейбір погондылары» алып та, шалып та жыға береді. Әсіресе қаржы саласы «погондыларының» тәбеті керемет. Бәрі емес, әрине, дегенмен көпшілігі тиыннан — тенге құрауға, тенгелен — доллар құрауға келгенде анау-мынау қаржыгер-маманыңызды шаң қаптырады. Олар тіпті миллиондаған тенге

емес, миллиондаған долларды қолма-қол ақша күйінде сөмкесіне салып алып, жайбарақат жүре береді. Өйткені, миллиондарға еті өліп кеткен. Ал енді қаржы полициясында істейтін қарапайым капитанның миллиондаған долларды «қандай бизнеспен еңбектеніп» тапқанын естігенде, көп адам аузын ашып, көзін жұмды. Оның еш жерде жұмыс істеп көрмеген жұбайының атында Алматының қас ортасында он екі «элитный пәтер» бар екен. Дегенмен, капитан-бизнесменнің тентелеп емес, долларлап тапқан қаржысының жанында әйелінің атына тіркелген он екі пәтер ойыншық боп қалды. Өйткені, «Жатқан ақша — ақша емес, айналымда жүрген ақша ғана — ақша» дегенді басты принципіне айналдырған капитан Есенаманов *(кейіпкерлердің аты-жөндері белгілі себептермен өзгертіліп беріліп отыр)* «дәніккеннен құныққан жаман» дегенді есінен

Капитанның капиталы

тарс шығарып алған болатын. Әзірге белгілісі — қайбір жылдары қаржы полициясының қатардағы капитаны «тарихы күмәнді» миллиондаған долларды мұнай бизнесіне салыпты. Соған қарағанда, түсінде көргенінің өмірде жүзеге асатынына Ришат Есенаманов тіпті де шәк келтірмеген сияқты. Бірақ ол «Түс — түлкінің тезегі» деген мәтел барын білмейтін.

МИЛЛИОНДАР ҚАЙДАН КЕЛГЕН?

Еліміздің Батыс Қазақстан өңірінде мұнай-газ зерттеуімен айналысатын бір компания бар. Жергілікті кеніштерді зерттеу жұмысымен айналысады. Құжатқа сүйенсек, аталып отырған компания кезінде Алматы ғана емес, бүкіл еліміз бойынша аты дүрілдеген бір акционерлік қоғамның еншілес кәсіпорны болып саналады екен. Бұрынғы қаржы полициясының капитаны Ришат Есенаманов осынау өңірлік компанияның 5 пайыз үлесін сатып алыпты. Бұл дегеніңіз, мамандардың айтуына қарағанда, шамамен 20 миллион АҚШ доллары. **Мәселенің мәнісі:** Батысқазақстандық мұнай-газ компаниясы мен Ришат Есенаманов арасындағы сатып алу-сату туралы алдын ала

Құрық

Әп-сәтте мол байлыққа қол жеткізудің жолын ол ақыры тапты:

Жергілікті банктің филиалын тонап, бар өміріне жетерлік мол ақша таппақ болған жігіт енді осы ойын жүзеге асырудың нақты жоспарын жасады. Жоспар жасағанда да кәлімгілдей — шетелдік фильмінің кәсіпқой кейіпкерлері сияктанып, несие алғысы келетін клиент түрінде банкке барып, оның ішкі құрылысымен, күзет жайымен жан-жақты танысып алды. Содан кейін қойынзәптеріне ойына алған шаруаны қалай жүзеге асыруға болатынын жан-жақты талдап, тәптіштеп жазды.

Оның пайымынша, бірінші қабаттағы кіреберісте отыратын күзетші жоғарғы қабаттың терезесі арқылы кірген адамды сезбейді. Күзетшіні қорқытып, ақша сақтайтын қойманы аштырса, қап-қап теңгені алып шығу еш қиындық туғызбайды. Банкте бейнеқондырғы орнатылғанын білетін, ол бетін кара маскамен бүркеп алып, тұтқиылдан күзетшінің есін жиғызбайтай жедел әрекет жасау арқылы табысқа жетуге болады деп нық сенген.

БАНККЕ ШАБУҢ

Алдын ала не істеу керектігін түгелдей жоспарлап алған Илья ойын жүзеге асыруға қажетті құралдарды да дайындап алған. Жінішке темір арқан, екі монтировкамен жарактанған жігіт түн жамылып, Шұңқыр қаласының Абылай хан көшесінде орналасқан «Халық банкі» филиалының ғимаратына келді. Төтенше жағдайларға арналған ғимараттың қосалқы



баспалдағымен шатырға шыққан ол темір арқанның бір ұшынан шатырдағы белдікке монтировкамен бекітіп, арқанмен төмен түсті. Үшінші қабаттың терезе тұсына келгенде, терезені монтировкамен ұрып сындырып, бөлмеге кірді. Әзірге бәрі де оның алдын ала ойластырған жоспарына сай

Жиырма

беске енді қараған,

төпсе темір үзетін Илья Лисневский не өз

қатарлары сияқты оқып, мамандық алмады, не тұрақты жұмыс

жасап, пайдалы іспен айналыспады. Ата-анасының мойнына масыл болған жігіт шетелдік кинолардың кейіпкері сияқты үлкен істі жүзеге асырып, бір-ақ сәтте жылқыған бай болуды армандаумен күнін өткізді. Қарапайым пенделер сияқты жұмысқа тұрып, жалақымен жан бағуды «босқа өмір өткізу» деп түсінетін жігіт бойында бұғып жатқан кәсіби ұрыларға тән керемет дарынның барлығына іштей сенімді болатын.

Күзетші

қойманың есігін ашты. Бірақ тәжірибелі сақшы қатер төнген сәтте абдырап, абдырмады. Қылмыскердің көзін ала бере, дабыл қнопкасын басып үлгерді. Дегенмен, қанша жерден сездірмеді десе де, қылмыскер мұнысын сезіп қалған екен, күзетшіні бас салды. Жан беру оңай ма, күзетші де арпалыса кеткен. Күзетшіге қарағанда біршама жас қылмыскер әбжіл қимылдап, темір монтировкамен арқасынан және жұдырығымен бетінен қатты-қатты соғып үлгерді. Ауыр сокқы алған күзетші сұлап түскен. Оның қолындағы кілтті алған қылмыскер қоймадағы темір жәшікке салынған 400 мың теңгедей қалдық ақша тапты.

ЖАЗА

Ильяның қанша түнді ұйқысыз өткізіп, алдын ала жасаған жоспарының бәрі де әдіре қалды. Ақша сақтайтын қоймада бұл ойлағандай қап-қап ақша жоқ болып шықты. Сонша бейнетпен қоймаға кірген ол небәрі 400 мың теңге ғана қалдық ақшаны алып, соны қанағат тұтуына тура келді. Күзетшінің дабыл қнопкасын басқанын білетін жігіт құқық қорғаушылар жеткенше бой тасаламақ болып, сыртқа шықты. Бірақ сол сәт басына тағы бір сәтті ойдың келе қалмасы бар ма?! Күзетшіден алған кілтпен банктің гаражын ашып, ішіндегі ГАЗ-2705 автокөлігін айдап кетті.



Қызықстан қызықтары

Пара үшін погоннан айырылды

Сот барысында Ақкөл ауданының аға прокуроры Вероника Петрова оқиғаның қалай өрбігенін баяндады. Оның айтуынша, аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкері Оралбаев сынақ тапсырушыдан пара алмақ болған. Ессесіне, емтиханнан сүрінбей өтетінінен кепілдік береді. Алайда айласы іске аспай, ақша алу сәтінде қолға түседі. today.kz хабарлағандай соттың шешіміне сәйкес, 600 мың теңге көлемінде айыппұл салынып, мүлкі тәркіленді. Сонымен қатар ол майор шенінен айырылып, өмір бойы мемлекеттік қызметтен шеттетілді.

Әр

қаламына дейін алдын ала жоспарлап алып, қылмысқа үлкен дайындықпен барғанына қарамастан, Илья бірқатар қателіктер жіберген еді. Ен алдымен, күзетші дабылды басып, құқық қорғаушыларды шақырып үлгерді. Содан кейінгі қателігі — банктің автокөлігін айдап кетуі болды. Жедел жетіп, қарақшының ізіне түскен тәжірибелі ізкесерлер қылмыскерді көп ұзамай қолға түсірді. Жан қинамай, бір-ақ сәтте бар өміріне жетерлік мол олжаға кенелмек болған жігіт оңай тапқан ақшамен шалқып, өмір сүрудің орнына, тар қапасқа қамалды.

Таяуда Бұрабай аудандық сотының судьясы А.Бәйкенованың төрағалығымен өткен сотта банкті тонаған И.Лисневскийдің қылмыстық ісі қаралды. Сот оны айыпты деп тауып, бес жылға бас бостандығынан айыруға, жазасын жалпы тәртіптегі түзеу мекемесінде өтеуге шешім шығарды. Оған қоса, Лисневский банкке келтірген залалды түгел өтейтін болды.

Байкал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы



Мәселе



Ауылда тұрғанда етті қыстығүні, соғым сойғанда жейтін. Көрші-қолаң, көңілі жакындар омыртқаға шақыратын. Ал жаз бойы тауықтың артын андып, жұмыртқаны ас қылатын. Көкөніс дегенініз — әлдебір үлкен той болғанда ғана тісіне тиетін. Қалалық жерде олай емес екен. Кенже келін баласына ананы жегім келеді, мынаны жегім келеді деп қыңқылдайтын көрінеді. Басында жерік пе? — деп ойлаған. Баласына ойын-шынын араластырып айтатын. Ойпырым-ай, бағзы заманның келіндері арыстанның бүйрегіне, жолбарыстың жүрегіне жерік болады екен. Бүгінгінің балалары былжыраған қызанаққа жерік болады. Сосын да балалардың былжырап қалғаны. Баласы мұндай әңгімені жаратпайды. Қабағын түйіп, кіржің ете түседі. Күнде сатып алайын десе, қаражат жоқ. Қазір Көкшетауда қызанақтың келісі 800 тенге, қиярдың келісі 600 тенге тұрады. Жаңа жылдың алдында мың теңгенде асып кеткен.

Есенбай енді төрт қабырғаның ішінде теңселіп, қол қусырып қарап жүргенше, қаланың тап іргесіндегі саяжайлардың біреуін алып, жаз бойы көкөніс өсірмекке бекінген. Қызанаққа құмар келінін қарық қылмақ. Жесін бір, сумен емес, атасының маңдай терімен өскен көкөністі. Әркімнен сұрап көрсе, оның да машақаты толып жатыр екен. Ең бастысы, саяжайларда судың жоқтығы. Әр машинасын пәленбай мың теңгеден сатып аласын. Соған сай бөшкең болуы керек. Онда да су көп шыдамайды. Күн ыстықта борсып кетеді. Көзін тайып кетсе, көршін шелегін сылдырлатып келіп, жиендік жасауы әбден мүмкін. Электр қуаты да жоқ. Жергілікті бауқеспелер бағанасын құлатып, сымын металл алатындарға өткізіп жіберген. Ертеректе әр саяжайға темір тұрбалардан құбыр тартылған

Елден көшіп келгелі Есенбай өз тілімен айтқанда «екі қолын жылы суға малып» жетісіп-ақ қалды. Қаладағы пәтері екі бөлмелі болса да тәп-тәуір. Асты тақтай, үсті тақтай, ортасы шылдырмақтай. Ыстық суы, суық суы ағып тұр. Түтінге қақалып, күлге көміліп отын жақпайды. Тағы бір ғажабы ауылдағыдай бозала таңнан тұрып, есіқалдың сыпырмайды. Қорасында тауық үшінші шақырғаннан-ақ мәңіреп, жарты ауылды басына көтеретін сынық мүйіз қара сиыр жоқ. Тамаша. Бірақ сағыздай созылып, күн өтпейді екен.

екен. Сол құбырлар арқылы жүгіріп су да өтіп тұрыпты. Дәл қазір ол құбырлар Қытайдың бір жерінде жатқан шығар. Әлде балқытылып, өзге бір бұйым болып, өзімізге қайтып келе жатыр ма екен.

Көкшетауда Зеренді, Краснояр және Рузаев бағытындағы тасжолдың қос қапталын жағалай орналасқан саяжайлар бар екен. Олардың жалпы саны — 23665. Дәл қазір осы саяжайлардың 60,9 пайызы қанырап бос тұр. Арамшөп өсіп кеткен. Алаботанын сабағы құтты қарсақтың құйрығындай бұлған-бұлған етеді. Саяжайдың басына салынған үйлердің көпшілігі қиратылған, кейбірінің жұрты жатыр, кейбірінікі жартылай бұзылған. Краснояр селосы бағытындағы «Приборостроитель» саяжай кооперативінің төрағасы Юрий Агафонов саяжай мәселесімен барған Есенбайға біраз әңгіме айтты.

— Көкшетау қаласында бағбандықпен айналысатын адам, оның шын мәніндегі хас шебері жоқ деуге болады. Біз әлі күнге дейін бағбандықты айтулы кәсіп, тамаша мамандық деңгейіне көтере алмай жүрміз. Шетелде бағбан болып, кілең күш-қайраты тасыған жап-жас қыздар мен жігіттер еңбек етеді екен. Ал бізде жер таянған көрі-құртан. Қазір жұмыссыздық жайлаған уақытта бағбандықты үйретіп, жастарды тартсақ, тым болмағанда өздерін өздері асырайтын дәрежеге жетер еді. Біздің аймақта көкөністің талай түрін өсіруге болады. Саяжайларды ел тастап кеткен соң осының басында бір тәртіп орната алмай, жігерім құм болып жүр. Өйткені,

Жақсымен өткен жарты сағат



Ерлан Әбдірұлы: Журналист, жазушы, жалпы қаламгерлерді «қоғамның барометрі» деп атап жатамыз ғой. Сіздіңше, сол барометрде не көрсетіп тұр? Қоғам қалай қарай жылжып бара жатыр?

Дәурен Қуат: Дөп басып айту қиын. Қоғамның бетке ұстары — ақын, жазушылар қазір өз көңіл-күйін жазып жүр. Қоғамның рухани күшіне айналатындай бірлескен тұтастықтан ажырап бара жатқан секілдіміз. Рухани потенциалымыз шашыраңқы сияқты.

Ерлан Әбдірұлы: Ресейлік журналист Максим Шевченко «Қазіргі журналистикада көзқарас бағаланады» дейді. Келіссіз бе?

Дәурен Қуат: Келісуге болады. XX ғасырдағы публицистер шағын мақала арқылы өз ұстанымдарын білдіретін. Яғни олар қоғамның өзгеруіне, халықтың оянуына, қам-қарекетсіз болмауына белгілі бір деңгейде әсер етті. Көзқарас — журналистика табиғатында бар нәрсе. Журналист — қоғамды өзгертпейді. Бірақ өзгеруге тиіс нәрсені айта алады. Қазір де солай. Бірақ өзін айтқан ресейлік әріптесіміздің пікірі де, менің пікірім де журналистикадағы соңғы сөз, қатып қалған қағида емес. Пікір — әрдайым жанарады. Біз — қазір өмір сүріп жатқан ортамызға қарай пікір айтамыз. Ал журналистика зерттеле береді, болашақта жаңа теориялар туа береді.

Ерлан Әбдірұлы: Барометр дегеннен шығады, аға. Журналист,

«Негізі ешкім Егемендігімізді тартып алғалы жатқан жоқ. Бірақ тәуелсіздігімізден ешкім тартып алмай-ақ айырылып қалуымыз мүмкін. Ол — іштен іріп-шіру, асыл мұра, ұлттық құндылықтарымызды жоғалту. Біздің қоғамға әлі көп насихат керек, білім керек». Белгілі журналист, публицист, жазушы, «Abai.kz» интернет порталының бас редакторы Дәурен Қуат «Жарты сағатқа» қонаққа келіп, ағынан жарыла сұхбат берді.

Дәурен ҚУАТ:

біздің жағдайымызда сіз, бас редактор жеке адам, жеке тұлғасыз. Ал жеке тұлға қалай объективті бола алады?

Дәурен Қуат: Өзің басқарып отырған немесе жұмыс істеп жатқан сала бұқара үшін пайдалы болуын қаласаң, қоғамдағы барлық пікір мен көзқарасты сол ұжымына әкеліп тоғыстыруын керек. Қоғамды алға жылжытқын келсе, оқырманның деңгейін өсіргін келсе, досың болса да, шындықты бетке айтуға тура келеді. Біз — осындай мәдениетке жетуіміз керек. Көпшілік қазір сынды көтере алмайды. «Шыбық тимей шыңқ етер». Бұрын барлық газетте сатира беті болатын. Фелетон, пародия арқылы тұлғаларды сынайтын. Ал қазір бірыңғай мақтау күтіп тұратынымыз жасырын емес. Ол көзқарасқа салсақ, мен өзім басқарып отырған сайтты «бізді мақтап өлең айт, беу, бадамша, жар-жар» етіп отырсам, елге сүйкімдірек болады екенмін. Достарымның да саны артады екен. Шерхан Мұртаза 90 жылдары «Егемен Қазақстан» газетін басқарды. Сол кезде газет бетіндегі мақалалар дуылдап, өртеніп тұратын. Шераған қазақты жек көргенінен сынаған жоқ. Керісінше, сын арқылы сілкіп оятты. Мақаласы өткір, сыны қатал болғанмен, Шераған өмірде өте жайлы, жайдары адам болатын. Менің де ұстанымым сондай.

Ерлан Әбдірұлы: Жаңа технологияның дамуы ақпараттың таралу мүмкіндігін арттырды, тіпті әрбір желі тұтынушысы ақпарат таратушы функциясын алды. Мәселен, әлеуметтік желіде мыңдаған оқырманы бар қолданушылар жетерлік. Перископ желісі тікелей

өзгерісті қабылдап, қоғамға қажет қырларын пайдаланып қалуымыз керек. Бірақ барлығы заң аясында болуы тиіс.

Ерлан Әбдірұлы: Журналист — шындықты айту керек дейтін де қағида бар. Әлбетте, дұрыс сөз. Бірақ шындық айтуды билікті ашық балағаттау деп қате ұғынып жүрген жокпыз ба? Егер біздің айта алмай жүрген шындығымыз әлеуметтік қиындықтар немесе билікті сынау болса, ондай шындық айтылып, жазылып жүр. Ендеше, біздің айта алмай жүргеніміз не шындық?

Дәурен Қуат: Адамның ақиқат іздеп жүруі — қуантарлық нәрсе. Бұл — қоғамды сауықтырады. Алайда «менің шындығым осы» деп жүргеніңіз кейін шындық болмай шығуы мүмкін. Өмірдің шындығы мүлде басқа болуы мүмкін. Немкетті, сүлесок қоғамнан гөрі, ақиқат іздеп жүру әлдеқайда артық. Қоғам — пікір айтуға мүдделі. Билік — қолынан келген мүмкіндігін жасауға, сөйкесінше, қателесуге де қакылы.

Ерлан Әбдірұлы: Билік деп қалдық қой. Президентіміздің «Тәуелсіздікті көзіміздің қарашығындай сақтау керек» деген сөзі бар. Сол көзіміздің қарашығындай сақтау дегенге не жатады? Және сол тәуелсіздікті сақтауда сіздің, менің, жалпы қоғамның алар жүгі, міндеті қандай?

Дәурен Қуат: Осы сөздің өзінен тарататын болсақ, Тәуелсіздік — біздің әлемге ашылған жанарымыз. Әлем бізді, біз әлемді Егемендіктің арқасында көріп тұрмыз.

Елбасының сөзі бар: «Тәуелсіздікті алғаннан сақтап қалу қиын». Расында қиын. Негізі ешкім Егемендігімізді тартып алғалы жатқан жоқ. Тәуелсіздігімізден ешкім тартып алмай-ақ айырылып қалуымыз мүмкін. Ол — іштен іріп-шіру, асыл мұра, ұлттық құндылықтарымызды жоғалту.

Біздің қоғамға әлі көп насихат керек, білім керек. Сендердің арналарың — халықты рухани ағарту үшін таптырмас құрал. Біздің елде «Асыл арна» сияқты телеарна бары қуантады. Тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтаудың үлгісін Президентіміздің өзі әр ісімен, әр сөзімен көрсетіп жүр. «Қытайдың қол астына кіріп барамыз, Ресейдің бізге ықпалы

күшті» деген сөз айтыла береді. Ресеймен достасуымыз, Қытайға тонналап мұнай беруіміз — мұнын бәрі сантиметріне дейін өлшенген, есептелген саясат.


Ерлан Әбдірұлы: Сіздер де қырықтан асып, аға буынға жөйлап айналып келе жатырсыздар. Өздеріңізден кейінгі буынның қандай өттеген-айлары түзелгенін қалар едіңіз?

Дәурен Қуат: Біздің буынға төн нәрсе — жалқаулық. Алдымыздағы буын жерге, руға бөлінетін. Сол менің қатарластырыма да жұқты. Қазақтың бойына әбден сіңіп кеткен, бірақ қазаққа мүлдем керек емес, мінездер бар. Жастар содан алшақ болса екен.

Ерлан Әбдірұлы: Ақындар ауылда туып, Алматыда өледі дегендей, сіздердің буын осы біздің мәдени астанамыздағы шығармашылық элитаға айналып қалды. Алдан не көрінеді, арттан не байқайсыз?

Дәурен Қуат: Артымызда дәстүрлі мектепті жалғастыратын және жаналық әкелетін жақсы прозаышылар келе жатыр. Әдебиетке адалдық деген сүйкетіп жаза беру емес. Тоқырап қалсаң, кейінгі толқыңға жол бер де, өзін соларға ақылынды айта жүр. Ал алдағыны Алла біледі ғой.

Ерлан Әбдірұлы: Сіз үшін әлемдегі ең жақсы жер қайсы?



Р. К. Көкшетау қаласының әкімі Ермек Маржықпаев саяжай мәселесіне мән берер емес

Өйткені, қалада жер қымбат, ал мұнда су тегін. Қазір отыз отбасы тұрады екен. Бұл жерде де көдеге аспай жатқан саяжайлар толып жатыр. Олардың иелері 20 жылдан астам уақыт бойы жермен жұмыс істемесе де, күндердің-күнінде сатып, пайда табамыз ба? — деп ешкімге бермей отыр. Егер өздері пайдаға асырмайтын болса, жерді бос жатқызбай, алып қойып, шынымен айналысатын адамға берген дұрыс болар еді. Бірақ Көкшетау қаласы әкімдігінің саяжай мәселесіне сығалап болса да, қарайтын уақыттары, әлде құлқы жоқ.

Кооператив төрайымының айтуынша, өткен жылы электр қуатын «Родник» саяжай кооперативінен сатып алған. Быыл олар бізден бас тартып отыр. Өз алдымызға трансформатор сатып алу үшін екі миллион тенге қаражат керек, — дейді.

Мәселенің мәнісі Есенбайдың түсінігінде мынаған саяды. Саяжай кооперативтерінде мәселе әбден қордаланып қалған. Оны шешу кооператив төрағаларының қолынан өлсе де келмейді. Бұл арада қалалық әкімдіктің заңды шешімі керек. Ең бастысы, пайдаға аспай жатқан 14,4 мың саяжай мәселесі шешілсе, елден келген Есенбай сияқты тырбанып, тіршілік ететіндерге берілсе, басында адам болған соң ұрлық-қарлық азаяр еді. Ортақ ақша жинап су, электр қуаты мәселелерін шешер еді. Төңіректің бәрі бал араларына тырбанып тірлік істесе, жалпыға ортақ мәселе шешілмегенде қайда барар дейсін.

Бір күн бойы Көкшетау қаласының төңірегіндегі саяжайларды аралаған Есенбай келінінің қызанақты оңайлықпен жей алмайтынын түсінді. Бұрын да онша құштарлығы жоқ еді, қазір, тіпті қызанақ деген сөзді естісе, қызарып кететін болып жүр.

Байқал БАЙӘДІЛОВ

Дәурен Қуат: Туған жер. Қой мен жылқы баққан жайлауым бар еді. Сол түсіме жиі кіреді. Дүниенің қай түкпірінде жүрсем де соны ойлаймын. Егер қазір қолымнан бір іс келіп жатса, туған топырақтың құнары.

Ерлан Әбдірұлы: Адамдардан жиі көңіліңіз қала ма?

Дәурен Қуат: Ешкімге ренжімеуге және ешкімді ренжітпеуге тырысамын.

Ерлан Әбдірұлы: Кешірімшілсіз бе?

Дәурен Қуат: Сондай сияқтымын. **Ерлан Әбдірұлы:** Неден қорқасыз?

Дәурен Қуат: Уайымы жоқ, бейқам адамдардан қорқамын.

Ерлан Әбдірұлы: Қандай өкінішіңіз бар?

Дәурен Қуат: Көлік жүргізуді білмеймін.

Ерлан Әбдірұлы: Неге қарап қуанасыз?

Дәурен Қуат: Мені қуантатын нәрсе көп, қуанамын дегенге жақсылық көп қой.

Ерлан Әбдірұлы: Қандай арманыңыз бар?



Дәурен Қуат: Өз тілінде сөйлейтін, сырттан ақыл-ой тасымалдамайтын, ішкі рухани қуаты кемел ұлт болсақ екен деп армандаймын.

Ықшамдап дайындаған Қарлыға ТЕМІРФАЛИ

Деректі хикаят



Кешірім БОЗТАЕВ

Ерке толқынды Ертістің кең алқабына 40 жыл бойы уын шашып, халқын қайғы-қасіретке душар еткен аты шулы Семей атом полигонының үні өшкеніне биыл тамыз айының 29-ы күні 25 жыл толады. Ол зұлматты жабуды көздеген күрестің 1989 жылы ақпан айының 20-сы күні басталғаны туралы алғашқы мақала 2005 жылы отандық бір басылымда жарияланған еді. «Көшті Кешірім бастаған» деп аталған мақала авторы Ғаббас Қабышұлы оны жаңа деректермен толықтыра хикаят жазған екен. Соны оқырмандарымызға ұсынуды жөн көрдік.

Редакция

— Кешім, әлі отырсың ғой?
— Қазір...

Бір сәттің ғана, бір мезеттің ғана өлшеміне тән «қазір» салқын айтыла салды да, сол сәт, сол мезет созыла берді. Минөттер... сағаттар... «Кешім, әлі отырсың ғой?» да, «Қазір» де қайталанбады. Бөлме егесі — түнгі тыныштық. Тек анда-санда көше жақтан ары-бері өтіп кетіп бара жатқан автомәшіндердің түрілі естіліп қалады. Бірақ ой құшағындағы жігіт оны елеп отырған жоқ. Жазу үстелін қос шынтактап, білезіктігі түйістірілген екі алақанымен екі жағын тіреп, қиықша қоныр көзін терезе алдына қойылған көкшіл құмырадағы қалампыр гүлдеріне қалапты. Ортанғы бөлмеде, биік шкафтын ойығында тұратын құмыра кешеден бері осы шағын бөлмеде; төрт-бес күн сайын жанартылатын қызғылт үш раушан гүлі орнында — қонырқай қалампырдың бес талы. Бұл өзгеріс — Гүлзияның әрекеті. Күйеуі Кешірімнің өңі әншейіндегісінен гөрі қуқылданып, өзі әдеттегісінен гөрі салмақтанып, онашалануды қалай бастағанын байқасымен осы бір жаңалықты жасаған. «Қызғылт түс жүйкені қыздырмалайды, жасыл түс жүйкені тыншытады» дегенді оқығаны бар еді. Келімді-кетімді кісі қарасы үзілмейтін ортанғы бөлмеде раушан тұрсын, бас қосқан таныс-бейтаныстардың тезірек табысып, шүйіркелесулеріне себепші болар деп білген және ол ойы ақталған да. Енді Кешімінің (Кешірімді осылай атайды) мінезіндегі оқыс құбылыс аландатып, іздеген жасыл гүлі табыла қоймаған соң қалампырды алып келген. Қазақтың «қоныр» деген сөзді ерекше жақсы көретіні есінде, Кешімінің көңілі қонырқай мақпал рәуішті қалампырды хош көреріне шүбәланбаған. Бірақ Кешірімнің көзі қарсы алдындағы гүлге түссе де, көңілі анау гүлсіз даланы шарлап кете береді. Гүлсіз даланы... Кең болса да тарылып, қара топырақты болса да сарғайып жатқан даланы... Ата-бабамыз мұра етіп қалдырған кең-байтақ әлем өзінің кеңдігі үшін тауқымет тартып жатыр... Кешірім өзі туып-өскен өлкенің бұл күйін көргеніне өкінулі, қапалы. «Бекер көрдім-ау!» деген пендешілік өкініш пен қапа емес, «Қайран даланың ертеңі бүгінгісінен де сұрқай боларына бөгет жасай алмаймын-ау...» деген сынық сезімнің өкініші мен қапасы.

«...Енді нендей қимыл керек? Кешеден бергі көргенім — тозақ дейтіннің дәл өзі шығар... Бірақ тозақ отына күнәлілер күйеді екен, ал біздің ешқандай күнәсі, кінәсі жоқ кәрі-жасымыз неге, не үшін күйді, қашанғы күйе береді?! Ертеңгі ұрпағымыздың неше буыны күйетінін кім біледі?... Абай туған топырақ күлге айналмақ па?... Жердің асты-үстіндегі дамылсыз дүмпуден Дегелен тауының тасы түртіп қалсаң, сау етердей үгітіліп тұр. Тостағанкөл жап-жасыл уға толы. Өсімдік атаулының нәрі өліп, өзегі өнезе болған...». Кешірім орнынан ұшып тұрды. Оң жақ самайына ошарыла сусыған қайратты қара шашын артқа сілкіп тастап, бөлмеде ары-бері жүріп кетті. Жүрегі үсті-үстіне дүрсілдеп, дереу сөйлеп ала жөнелгендей: «Бұл неткен қаныпезерлік?! Курчатовтың әкесін Абай әулеті өлтірген жоқ еді ғой, ол Қарауыл өңірін неге таңдады? Агрессорлардың алдына ор қазып, Хиросима мен Нагасаки қасіретін қайталаптау үшін атом бомбасын жасағандары жақсы-ақ, керек еді дейік, бірақ біздің ел-жұрт бар жерімізге әкеліп сынағандары қаныпезерлік емей немене? Бомбаны жасаған атактылар бас қосып, сынау жұмысын жүргізер полигонды Ресейдің құла дүз иен даласының қайсысына орналастырған дұрыс болады дескенде топ басшысы Курчатов: — Біз оны иен далала сынау үшін жасаған жоқ шығармыз?! Жан-жануарға әсері қандай болатынын нақты білу үшін жасайтынымыз рас болса, елді мекеннің қолайлы біреуін таңдап алып, сонда сынау керек. Қазақстанда сынау қажет, онда полигонға лайық жер көп! — депті. Менің естігенім осы... ал көргенім әнеки: бірінші сынау алдында радиацияның өтіне алдап әдейі қойылған қырық жігіттің екеу-үшеуі ғана қалыпты, мүгделікке ұшырап, жарық дүниеден безініп, күнін санап жүр; есігі екінін біріне ашыла бермейтін ауруханада сартап боп жатқан жастар мен жасамыстар, құнысып қалған сәби аз емес... Қатерлі ісік жасөспірімдерді де қармаған... Бұл зұлматқа не зауал?!»

Кешірім қалт тоқтап, пижамасының кеудешесін шешіп, креслоға тастай салды да, іргелегі диванға мейкішен жантая кетті. Жарыққа қарағысы келмегендей көзін жұмыңқырап, іргеге аунап түсті. Жонарқасы терішкен екен, аппақ мейкісі дымқылданған. Жонарқан терлеу үшін ағзана тым ауыр салмақ түсуі керек. Ондай салмақ Кешірімнің төбесінен табанына дейін түскен-ау!..

...Ол Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің екінші хатшысы (1977-1985 жылдары), облыстық кеңес атқару комитетінің төрағасы (1985-1987 жылдары) болып, абыройы асып, енбегі жанып жүргенінде республика партия ұйымының басшысы: «Кешірім Бозтаевич, сізді Семей облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығына ұйғарып отырмыз, не айтасыз?» деп әдеткі жортасыпайыгершілікті аңғартқанда, «не айтасыздың» арғы жағында қашанда «лөппәйдені!» тұратынын білетін Кешірім: «Сенім көрсеткендеріңізге рахмет!» деген де, қорғасын-мырыш комбинатында енбек етуден басталған 31 жылы өткен Өскеменмен қоштасып, Семейге аттанған. Мұнда істі

қабылдап алып, әр саланың бірінші басшыларын жинап танысып, оларға: — Әрқайсыңыз өз саланызда нендей бәрекелді, нендей әттеген-ай барын, пікір-ұсыныстарыңызды екі күннің ішінде қағазға нақтылап түсіріп, маған тапсырыңыздар. Ештеңені асырманыздар, ештеңені жасырманыздар. Ортақ істе осылай табысуымыз керек екенін ескеріңіздер, — деп өтінді. Межелі екі күн бойына қала өмірімен, іргелес жатқан шаруашылықтардың хал-ахуалымен танысты. Үшінші күні өзінің қалауымен жинақталған мағлұмат атаулыны сараптап отырса, облыста көп шаруа шатқаяқтап жатыр. Денсаулық сақтау мәселесі де мәз емес, әсіресе, сырқат балалардың саны жылдан-жылға өсіп келеді. «Ойпырым-ау, бұл — ертеңгі өрісіміздің тарылуы ғой?!..»

Алдына келген мағлұматтардан оларды дайындаған адамдардың жанайқайы естілгендей еді. Мұнда сөзі өтпей, өткені Семейден асып кетпей, асып кеткені болса, — Алматының құлағына жакпай, әбден ішқұса болып жүрген жандар жана басшыға ақиқатты жайып салыпты. Әрбір жылды салыстырған шифрлар: «Міне, тап осылай!» деп қыстыға сөйлеп тұр дерсін.



Жылжып бір жарым жылды өткізді. Облыстың тыныс-тіршілігімен жете танысып, қалдр құрамын іскер, қақыр-қайратты жас мамандармен толықтырды, іс ілгеріледі. Алайда қай ұжымда болсын әңгіме атом полигонына ойыса берді. Партия мен үкіметтің шешім-бағдары бойынша отыз сегіз жыл бойы жүргізіліп келе жатқан атомдық, ядролық сынау мәселелері Семей тұрғай Алматыда талқыланбапты, ендеше, бір бас көтеру жасап көрсе, қайтер еді? Осы ойы ақыры атқа мінді де, Кешірім 1989 жыл басталғанда облыстық денсаулық сақтау бөлімінің менгерушісі Т.Токтаровқа полигон зардабы туралы мәлімет-түсінік дайындауды тапсырды. Оның арада апта өте әзірлеп әкелген құжаты — ең сұрапыл дабыл болып шықты: аурушан бала саны жылдан-жылға артып барады. Жүкті әйелдер анемияға (*қан азаю дертіне*) ұшырауда. Ақыл-есі кінәраттар көбеюде. 1954 жылдан бері онкология ауруы облыста екі есе, Семей қаласында екі жарым есе өскен болса, ол тажалдан: Аягөз, Шар, Бородулиха, Новошұльба ауыл-селоларында әрбір жүз мың адамнан жыл сайын 270-300 адам, Қарауыл, Саржал, Қайнар, Баршатас, Долон, Мост, Черемушки елді мекендерінде 270-450 адам қайтыс болады екен. Радиология зардабын зерттеуші орындар сынау орталығынан 160-250 шақырым ауыл-селоларда тұратын кісілердің онкология сырқаттарына сынаудан 3-4 жылдан соң шалдыға бастағанын, сүркія дертін жыл сайын көбейіп, асқынып бара жатқанын ғылым дәлелдеп отыр. Семей қаласы тұрғындарының түрлі ауруға қарсы табиғи қарсылық дәрмені, иммунитеті, төмендеген. Абай, Абыралы, Бесқарағай, Жанасемей аудандарында халықтың 30-40 пайызы қазірдің өзінде сондай күйде болса, ересектерге қоса балалардың 30-35 пайызы анемия зардабын шегуде. Онкологиялық ауруға ұшырағандарды дәрігерлік зерттеуден өткізу, емдеу мақсатымен 1954 жылы Өскемен және Семей қалаларында арнаулы емхана ашылған да, оның Өскемендегісі бір жарым жылдан кейін жауып тасталған. Семейдегі емхана ықшамдалып, «Бруцеллезге қарсы диспансер» делінген. Ол — ол ма, КСРО Денсаулық сақтау министрлігі 1966 жылдан бастап Семей қаласында онкология сырқаттарын зерттеуді



Ядролық қарудан бас тартқанымызға

25 жыл



7

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ АҚШ-тың The Hill газетінде жарияланған «Ядролық қауіпсіздік жөніндегі саммит: ілгері бастаған жол» атты мақаласынан үзінді.

«Біріккен Ұлттар Ұйымы 29 тамызды, Семей

полигоны жабылған күнді Ядролық сынақтарға қарсы күрестің халықаралық күні деп жариялады. Қазақстандағы ядролық сынақтардың ауыр салдарлары және Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шарттың (ЯСЖТШ) тезірек күшіне ену қажеттігі туралы біз бастамашылық еткен АТОМ жобасында халықаралық деңгейде айтылған, оның идеяларына 100-ден астам елдің қарапайым тұрғындары қолдау көрсетті. Сынақтарға тыйым салу барлық мәселені өзінен-өзі шешпейді. Бірақ келісімнің күшіне енуі біздің әлемдегі ядролық қаруды жою жөніндегі түпкілікті мақсат жолындағы тағы бір елеулі қадам болмақ»

токтату туралы шешім қабылдаған. Нағыз сұмдық қой?!

Семей полигоны зардаптарын 1957 жылдан бастап алғаш зерттеп, дабыл қағуға кіріскен адам көрнекті ғалым Бахия Атшабаров екен. Қазақстан Ғылым академиясының президенті Қаныш Сәтбаевтың кеңесімен арнаулы ғылыми экспедиция құрып, полигонның кеселдерін жан-жақты анықтап, республика басшылығына жазбаша мәлімдеген, бірақ біздің басшылар Кремльдің қабағын бағып, ол игі істі ескерусіз қалдырып, атакты академик Сайым Балмұхановтың зерттеулеріне де тыйым салыпты. Кешірім қатты күйініп, қыстығып, үстелді қойып-қойып қалды да, атқып тұрып, терезеге барып, көбен тірлікті көшеге көз тастады. «Халыққа қастандық! Көпе-көрнеу қастандық!» деп тістене күбірледі. Дос-жолдастарының: «Жердің қозғалғанын көріп жүрсек те, Кешірімнің қозғалғанын көру қиын болар» деп әзілдейтін мінезі салмақты, байыпты Кешірімі еріксіз сыр берді. Енді қайтсін?! «Күйдірген соң шыдатпай...» (*Абай*).

Әлден соң сабасына түсіп, үстеліне оралып, төте телефонына қол созып, полигон бастығы Ильенкомен байланысты: — Аркадий Данилович, сәлеметсіз бе? Бозтаевпын. — О, Кешірім Бозтаевич! Өзіңіз де есен-саусыз ба? Сіздің телефон шауыныыз — мен үшін қуаныш та, құрмет те!

— Көңіл күйіңіз жақсы ғой?
— Жақсы, Кешірім

Бозтаевич.

— Ендеше, жақсы екенін пайдаланып, сізге бір өтініш жасайын.
— Айтыңыз, қолымнан келсе орындаймын, аянбаймын!
— Облыстың жаңа басшысы болған соң... «жана» деймін-ау, бір жыл толып та қалды. Аркадий Данилович, полигонмен жете танысу менің міндеттерімнің бірі екенін сіз жақсы білесіз, солай ғой?
— Әрине!
— Олай болса, сынау жұмыстарын жүргізетін ұжымдарыңызбен, сынау орындарымен, зерттеу-емдеу мекемелеріңізбен, алдағы жылдардың жұмыс жоспарларымен танысуым керек. Жарылыстарды түсірген фильмдеріңіз бар екен, оны да көрсетіңіздер. Осы аптала үлгерсеңіздер жөн болар еді, бүгін дүйсенбі ғой, ал мен алдағы аптала Мәскеуге жүремін.
— «Мәскеуге» дейсіз бе? Онда, Кешірім Бозтаевич, бұл мәселелерді сонда шешкеніңіз... жөн болар еді.
— Аркадий Данилович, сіздің басыңыздан секіріп кеткім келмейді, өзіңіз реттеңіз.
— Мәскеудің рұхсатынсыз...
— Жолдас генерал, рұхсат алу — сіздің міндетіңіз. Сау болыңыз! — Телефон тұтқасын орнына қоя салды: — Бұлталақтауың!..

Кешірім занды құқын пайдаланды, атомнан сутегі бомбасына дейінгі жойқын қарулардың ауада және жер астында сыналған тұр-түрінің қалдырған іздерін автомәшінмен, ұшақпен жүріп, бәрімен танысты. Жүйкесін шабақтаған сапары «Өте құпия. Бірінші сутегі бомбасын сынау. 1955 жыл» деген деректі фильмді көрумен аяқталды. Полигонның не екенін өзгеден есту өзін көргеннің жанында кұр елес екен... ОН ШАҚТЫ КОЛХОЗДЫҢ ИЕЛІГІНДЕ БОЛҒАН 18,540 МЫҢ ШАРШЫ ШАҚЫРЫМ ЖЕР СЫНАҚ АЛАНЫНА АЙНАЛЫПТЫ (ОНДА 454 РЕТ СЫНАУ ЖАСАЛҒАН). ТҰРҒЫНДАР КӨШІРІЛГЕН ДЕ, СЫНАУ НӘТІЖЕЛЕРІН КӨРУ МАҚСАТЫМЕН СЫНАУ НҮКТЕСІНЕН 15-20 ШАҚЫРЫМ ШАШЫҚ ЖЕРЛЕРГЕ, — ӘР ТҰСКА, — ӘРКІЛЫ ЖОБАЛЫ 5 КАБАТТЫҒЫҰЙЛЕР, КЕҢСЕ ҒИМАРАТТАРЫ БАР «ҚАЛАЛА» САЛЫНЫПТЫ. 50 МЕТРГЕ ДЕЙІНГІ ТЕРЕҢДІККЕ ОРНАЛАСҚАН

ЛАБОРАТОРИЯЛАР ӨЗ АЛДЫНА. ҚАЛАЛАРДЫҢ ПӘТЕРЛЕРІНЕ АЛУАН ТҮРЛІ АСПАПТАР ҚОЙЫЛЫП, УАҚЫТША ҚОРАЛАРҒА ТӘЖІРИБЕГЕ ҚҰРБАН ҚОЙЛАР ҚАМАЛҒАН, ОЛАРДЫҢ ҮСТІ-БАСЫ ДА — ҚҰЖЫНАҒАН АСПАП... Әне, ұшақ көтерілді. Сутегі бомбасын алып ұшыпты. Бір сәтте шіркеулердің мыңдаған қонырауы қанғырап ала жөнелгендей болды. Бомбаны тастауға соғылған дабыл. 1500 метр биікте ересен зор алау лап етіп, бүкіл аспанды өрт шалғандай болды. Экран да бұлыңғырланып кетіп, бір минөт шамасында қайта тазарғанда өте зор дінгектей құбыжық көрінді, кенет оның діні қан мен құмнан жасалған қызыл күрән түсті дәу саңырауқұлаққа ұқсады. Оның түп жағынан құлды алапат дауыл ұрған теңіз толқынындай болып, тараған шаңды құйын жолындағынын бәрін жайпай жөнелді...

«Фильм — совет ғылымының жетістігіне куә тарихи құжат», — деп беташар сөзді бастаған диктор бәрін тәптіштеп баяндауда. Желпініске толы дауысы дарақы ырғағынан қанықар емес. «Сендерге — мақтаныш, ал бізге — қайғы-қасірет!» деді Кешірім іштей қыстығып. Кеше таңды алай-дүлей көңілмен атырып, күндіз, сынау сұмдықтарын көре түскен сәйін Ільяно ызаға булығып, бірақ сыр бермей жүріп еді, ал мынау фильм жанын түршіктірді. Пенделік қорқынышы алапатты токтатар күш табылмағанына өкінген іштей күйінішіне қосылып, жүрегін сығымдап-сығымдап қояды.

Экраннан көрінген сұмдықты бір сөзбен айтса: Семей өңірі де — кешегі Екінші дүниежүзілік соғыста жау табанында қалған жерлей...

Фильм аяқталған соң Ильенко қатар отырған Кешірімді қолтығынан демей түрегеліп, зымыяндана жымып:

— Кешірім Бозтаевич, сізге фильм ұнады ма?

— деді.
— Рахмет, жолдас генерал, сау болыңыз! — Кешірім әлдебір шаруасына асыққан кісіше аяғын жебей баса есікке беттелді...

АТОМ БОМБАСЫН АЛҒАШ СЫНАУ 1949 ЖЫЛҒЫ ТАМЫЗДЫҢ 29-Ы КҮНІ САҒАТ 7-ДЕ ЖҰЗЕГЕ АСҚАН. «САҢЫРАУҚҰЛАҒЫНЫҢ» БИҚІПТІ 7 ШАҚЫРЫМ БОЛҒАН. ЖЕРДІ ТАҢДАП АЛҒАН, СЫНАУ ЖҰМЫСЫНА БАСШЫЛЫҚ ЖАСАҒАН — АТОМШЫ ӘЙГІЛІ ҒАЛЫМ И.КУРЧАТОВ...

Бірінші жарылысты дайындағандар мен жасағандар жана шен алып, шекпен киіп, орден тағынып жарылқанды. Атомның «көкелері» Социалистік Еңбек Ері атағын иеленді.

Қазақ даласының Абайлы берген киелі өңірін қор қылған дүлей күш — жылына ондап сыналып жатқан бомбалар. Радиоактивті тозан жерге тонналап жауып, сініп жатыр. КСРО Қорғаныс министрлігінің, оның Әскери-өнеркәсіптік кешенінің шенеуніктері: «Сынау тұрғындарға, жерге зияны тимейтін ғылыми-сақтық шараларын қолдану бойынша жүргізілуде» деп сарнаудан жалықпайды. 1989 жылғы ақпанның 12-сі күнгі жарылыстан соң ауаға жайылған радиоактивті газ исі, тіпті эпицентрден 120 шақырым Шаған поселкесін де тұмшалаған. Поселкеде полигон істеріне қатысы жоқ әскери бөлім бар екен, солар шу көтеріп, наразылық жасалды. Ол жәйтті бөлімнің бастығы генерал-майор П.Бредихин обкомға дереу ресми мәлімдеді. Полигон басшылары обкоммен де есептеспей, тамыздың 18-і күні, тіпті зор жарылыс жасалы...

Қияметке ұшыраған халықтың денсаулығы, жердің улы топыраққа айналуы, құпия фильмдегі қаныпезерлік, полигоншылардың бетпақтығы ақырында Кешірімнің жүйкесін жұқартты. Ол ақпанның 19-ында түні бойы ой сапырып, көзі бір әредік те ілінбеді. Танертен қызметке келе обкомның бюро мүшелерін шақырып алды да: — Жолдастар, достар! Қазақта: «Пышаққа ілінерінде ешкі де бақырып үлгіреді» деген мәтел бар, мен сол ешкінің кебін кисем деймін. Зұлмат полигон семейліктерге запыран құстыруын үдетті. Бұл озбырлыққа енді шыдауға болмайды! Міне, мынадай жеделхат жобасы бар, оқып берейін, пікірлеріңізді айтыңыздар, содан кейін бөлімге тапсырайық, нақты нұсқасын жасасын, оны жеке өз атымынан Михаил Сергеевич Горбачев жолдасқа жіберемін. Жеке өз атымынан. Сіздердің ресми қатыстарыңыз жоқ. Не болса да өзім көріп аламын, тәуекел! Оқиын.



Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ

(Жалғасы бар)



Дәстүрлі ИСЛАМ жауһарлары

Ғасырлар қойнауынан жетіп, бүгінгі тәуелсіз елдің ұлдарын ізгілік пен туралыққа шақырған ортағасырлық бұл мәтіндер – ұлттық руханиятымыздың темірқазығындай.

Кітапта X-XVII ғғ. аралығындағы Қарағандықтар, Алтын Орда және Қазақ хандығы дәуірлерінде жазылған діни-танымдық, діни-сопылық, діни-қаһарлық және діни-ғибадаттық туындылардың озық үлгілері жинақталған.



Рамазан Стамғазиев,
ТЖүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының Дәстүрлі музыкалық өнер кафедрасының меңгерушісі:



Белгілі өнер қайраткері, қазақ классикалық өн өнерінің майталманы Рамазан Стамғазиев оқу бітірген өнерпаздар мен дәстүрлі өншілердің жағдайын қысқаша осылай сипаттады. Сонымен қатар 20 сәуір күні Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында өтетін «Үш жүзге атым мәлім Балуан Шолақ» атты ән көші туралы айтты.

«Дипломы бар, жұмысы жоқ»

— Рамазан
Өмірәліұлы, ұлттық өнерде жүрген біраз азаматтар қазіргі уақытта жағдайдың, тіпті қиындап кеткенін айтады. Жұмыс жоқ. Бар болса да жалақысы мардымсыз. Сіз дәстүрлі өнер кафедрасының меңгерушісісіз. Студенттеріңізді ертеңі үшін алаңдамайсыз ба?

— Ұлттық музыканы өміріне серік еткен адамдарға өте қиын. Мысалы, музыкант болатын адам орта білім алғаннан кейін 4 жыл колледж оқиды. Одан кейін жоғары оқу орына түседі. Онда да 4 жыл білім алады. Ол диплом толыққанды іске жарау үшін магистратура оқуы керек. Осылай оқумен жүрген өнердегі жастар 28-30 жасқа таяп қалады. Бұл оқуға қолы жеткендері. Ал оқуға түсе алмай орта жолда қалғанының жағдайы, тіпті қиын. Оның үстіне, күн санап оқу орындары мен өнер ошақтары жабылып жатыр. Ал сіз білесіз бе, мемлекеттік кейбір өнер ошақтарының өз алдына қойған саясаты бар. Онда барсаңыз, 18-21 жас аралығындағы өнерпазды ғана жұмысқа аламыз дейді. Сонша жыл оқып, байқауға қатысып, жеңімпаз атанған өнер адамының жасы ең соңында мекеменің қойылған межесіне сәйкес келмей қалады. Сонда оқу орнын бітіріп жатқан жас маман қайда бару керек? Осы сұрақтың шешімі табылмай келе жатқанына қаншама жыл өтті.

— Дәстүрлі өнші мен күйшінің құрылыста, күзетте жүргенін көп көреміз.

— Иә, жиі мамандықтарын ауыстыруға мәжбүр болады. Сосын өз

ауылына барып, жергілікті халықтың мәдениетін көтерсін деген саясат жүргіземіз. Бірақ қай облысқа барсаңыз да, өнерпазға орын табылмайды. Әрі кетсе, 2-3 адам жұмысқа қабылданады. Көптен бері жұмыс істеп келе жатқан адам өз орнын бере қоя ма? Оның да бала-шағасы бар. Ал енді жылда бітіріп жатқан балалар қайда бару керек?

— Нақты дерек келтірсеңіз...

— Соңғы екі жылда

Астана қаласындағы «Шабыт» фестиваліне қазылар алқасының төрағасы болып бардым. Сонда байқағаным, тек қана дәстүрлі өн бойынша жылына 12 бала жоғары оқу орын бітіреді. Жыл сайын қобыздан да тура сонша адам оқу аяқтайды. Ал сырнайда жылына он шақты адам оқу тәмамдайды. Осы ұлттық өнер бойынша жылына 30-40 адам оқу орнын бітіріп шығып жатыр. Ал соларды жұмыспен қамтуға бағытталған мемлекеттік бірде-бір жоспар жоқ. Онымен қоймай, оқу бітіргендерді жұмысқа тұратыны туралы немесе жұмыс істеп жүргені жайында анықтама әкел деп міндеттейді.




жырларын кім жырлайды? Асқақтаған ән өнерін кім насихаттайды? Құдайға шүкір, талантты жастар өте көп. Оларды оқуға қабылдауға келгенде жер қайысқан адамдар отырып іріктейді. Ал бірақ бітірген соң не істеу керектігін айта алатын ешкім жоқ. Мемлекет оқуға қанша қаржы бөледі, қаншама ұстаз сабақ береді? Алайда жұмысқа орналастыру мәселесі қарастырылмаған.

— 20 сәуір күні «Адырна» қоры сол дәстүрлі өншілердің басын қосып, Балуан Шолақ атамызға арналған ән кешін өткізбек. Несімен ерекшеленеді деп ойлайсыз?

— Жалпы «Адырна» қоғамдық қоры бүгінге дейін дәстүрлі өнерге арналған 8 концерт өткізген екен. Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Сәкен Сейфуллин тәрізді ән кештерінің қай-қайсысы да терең тарихи мәнімен өтіп келеді. Ән тарихы арқылы тұлға тарихының сыры ашылады. Әрбір концертте 10-нан 20-ға дейінгі аралықта мұрағатта қалып қойған, аймақта ғана орындалып, үлкен сахнаға жетпеген мұралар орындалып келеді. Осы жолы да Балуан Шолақтың 20-дан астам жана әні табылып отыр. Бүгінге дейін Балуан Шолақтың 10-ға жуық әні ғана белгілі болып келген еді. Бұл концерт қазақ руханиятына қосылған зор үлес болғалы тұр. Бұл тарапта Жоламан Құжымановтай өнерге шексіз берілген азаматтың еңбегін атап өтуіміз қажет. Жөкеннің мұрағаттарда нотасы ғана сақталған әндерді тірілтіп, жастарға үйретіп жүрген еңбегі тиісті деңгейде бағалануы керек деп есептеймін.

Әңгімелескен
Г. МЫҚТЫБЕКОВА

«Жас қазақтың» ЖАҢА САЙТЫ




Енді сіздер «Жас қазақ» апталығын оқу үшін жұманы күтпей, өзіңізді қызықтыратын сараптамалық мақалалар мен ағымдағы ақпараттарды сайтымыздан тәулік бойына оқи аласыздар. Сондай-ақ Jazqazaq TV бөлімінен түрлі тақырыпты қамтитын бейнекөріністі тамашалауға болады.

ӘН БАДАН АНААҢЫ БАҚА



Канада. Көлік
жылдамдығын азайту
үшін жасанды жол
ойықтарын төсейді



Теміртау. Жөндеу
көрмеген жол ойықтарына
жүргізушілер гүл екті

Директор — Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары

Төлен ТІЛЕУБАЙ Бас редактордың орынбасары — Астана қаласы өкілдігінің жетекшісі

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Бөлім редакторлары:

Марат МАМАНБАЙ — қоғам және әлеумет

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият

Руслан ДОСТАЕВ — арнаулы тілші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Мехмет СЕМЕРЖИ — фототілші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДИЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Асқар АҚТІЛЕУ — Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)
Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67
(жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2093;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 45 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралының есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сонымен қатар «AirAstana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BIM», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.